

Ә.А. Өскембай¹

¹т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ БІЛІМІ МЕН ҒЫЛЫМЫН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аннотация

Мақалада С. Аманжоловтың қазақ білімі мен ғылымын дамытуға қосқан үлесі жан-жақты зерттелген. Ғалымның шығарған оқу-әдістемелік еңбектерінің құндылығына талдау жасалған. С.Аманжоловтың ғылыми жетістіктеріне баға берілген. 2003 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетіне тілтанушы-түрколог, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың есімі берілді. Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының мүше корреспонденті болып сайланды. Қазіргі кезде оның ондаған оқушылары тіл білімі саласында зерттеулер жүргізеді. С. Аманжолов сынды ерең тұлға, үлкен ғалым және елінің ұлтжанды ұлы туралы ғылыми зерттеулер бүгін де өз мәнін жоймақ емес.

2007 жылы қаңтарда университеттің 55 жылдық мерейтойына орай С. Аманжоловқа арналған ескерткіш қойылды. Мүсіннің жобасын атақты архитекторлар А.Е. Сергебаев пен Б.А. Әбішев жасады. Ескерткіштің төменгі жағына соғылған ашылған кітап түріндегі мүсін гүл шоқтарын қоюға арналған.

Ескерткіштің көркем-өнерлік және әлеуметтік мәні болғандықтан, оны 2008 жылы әзірлеген Қазақстандағы тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне қосты.

Кілт сөздер. Білім, ғылым, оқулықтар, сөздік, экспедиция.

Oskembay A.A.¹

¹*Candidate of Historical, Sciences, East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov,
Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan, Oskemen city*

CONTRIBUTION OF S.AMANZHOLOV TO THE DEVELOPMENT OF KAZAKH EDUCATION AND SCIENCE

Abstract

The article studied the contribution of S.Amanzholov to the development of Kazakhstan's education and science. The scientific achievements of S.Amanzholov were evaluated. The article carefully studies the contribution of S. Amanzholov to the development of Kazakhstani education and science. The scientific achievements of S.Amanzholov were assessed and the contribution of S. Amanzholov to the development of Kazakh education and science was studied in detail. The analysis of the value of educational and methodical works published by the scientist is carried out. The assessment of the scientific achievements of S.Amanzholov is given. In 2003, the East Kazakhstan State University was named after Sarsen Amanzholov-Turkologist, one of the founders of Kazakh linguistics, a member of the Academy of Sciences of the Kazakh, Doctor of Philology, Professor. Elected a member of the Academy of Sciences of the Kazakh.

Keywords. Education, science, textbooks, vocabulary, expedition.

А.А. Өскембай¹

*¹к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана ВКГУ им. С.Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск*

ВКЛАД С. АМАНЖОЛОВА В РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

Аннотация

В статье тщательно изучен вклад С.Аманжолова в развитие казахстанского образования и науки. Были оценены научные достижения С.Аманжолова. А так же подробно изучен вклад С.Аманжолова в развитие казахского образования и науки. Проведен анализ ценности учебно-методических трудов, изданных ученым. Дано оценка научным достижениям С. Аманжолова. В 2003 году Восточно-казахстанскому государственному университету было присвоено имя Сарсена Аманжолова-тюрколога, одного из основателей казахского языкознания, члена Академии наук Казахской ССР, доктора филологических наук, профессора. Избран членом Академии наук Казахской ССР. В настоящее время десятки его учеников проводят исследования в области языкознания. Научные исследования о талантливой личности С. Аманжолове, великом ученом и Великом Патриоте страны сегодня не теряют своего значения.

В январе 2007 года в честь 55-летия университета был установлен памятник С. Аманжолову. Проект скульптуры сделал знаменитые архитекторы А. Е. Сергеев и т. д. Абишев. Памятник предназначен для возложения венков в виде открытых книг, knутых в нижней части памятника.

Поскольку памятник является художественного и социального значения, он включен в список памятников истории и культуры Казахстана, разработанный в 2008 году.

Ключевые слова. Образование, наука, учебники, словари, экспедиция.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап елімізде білім және ғылым саласына қатысты біршама реформалар жүзеге асырылуда. Еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуының алғашқы қадамыда осы білім саласындағы жетістіктерден бастау алады. Білім және ғылым саласындағы реформалардың толық жүзеге асуына қол жеткізу үшін өткеннен сабақ алып, болашаққа болжау жасаған дұрыс.

XX ғасырдың 30-жылдарында елімізде білім мен ғылымды дамыту қолға алынған болатын. Нәтижесінде 1931 жылдан бастап Қазақстанда бастауыш және орта мектептерге арналып жазылуға тиісті оқулықтардың авторларын бекітті. Қазақ тілінің оқулығын жазу бір мезгілде бірнеше ғалым-ұстаздарға – Молдағали Жолдыбаев, Құдайберген Жұбанов, Ілияс Ахметов, Телжан Шонанов, С.Аманжоловтарға тапсырылды. Бұл авторлар әрқайсы жеке оқулық жазған соң, оның ішінен ең үздік жазылған біреуін НКП тандап алып, жарыққа шығаруға міндеттелді. Орыс тілдерге арналған қазақ тілінің оқулығын Ілияс Ахметов пен Телжан Шонанов жазуға міндеттелді. Осы қаулымен республикадағы мектеп оқулықтарының тиісті дәрежеде жазылуының барысын қалап, баспадан шығарылуына басшылық ету Сейтқали Мендешев пен Жанайдар Сәдуақасовқа жүктелді.

Қазақстан ғылымының дамуына жалпы басшылықтың Мәскеуден жүргізілгені белгілі. Сонымен қатар алғашқы ғылыми мекемелерді ашып, соларға басшылық жасау Ресей ғалымдарына тапсырылды. Олар ғылыммен айналысуда біршама артықтықшылықтарға ие болды. Ал жергілікті ұлт өкілдері оларға көмекші болып тағайындалды. Қазақ ғалымдарының ғылыми жұмыстары Ресей ғалымдарының қолдауымен ғана жүзеге асып отырды. Сонымен қатар, жас ғалымдарға материалдық көмек көрсету төменгі дәрежеде болды. Бұл жағдайлар қазақ ғылымының дұрыс дамуына кедергі келтіріп отырды. Алаш зиялыларының қуғынға түсуі, отаршылдық саясат, қазақ белсенділерін ашық қудалау, жазудың өзгертілуі, салт-дәстүрге тигізілген тоқырау ғылымға бет бұрған адамдарға ауыр болды. Олардың қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін жазған шыншыл еңбектері үлкен талқыдан өтіп, кейбір жағдайларда қуғын-сүргіннің құрбандары болып кете барды. Бұл жағдайларда өз ойларын қорғау үшін қарсы шыққан ғалымдар саяси қайраткерлерге айналды.

Осындай ғылыми интелегенцияның ортасында жүрген Сәрсен Аманжолов Орта Азия мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін аспирант, ассистент болып кезінде көлемді оқулықтар, бағдарламалар, еңбектер жазу ісіне кірісті.

1931 жылы III кластың оқу кітабы мен шала сауатты үлкендерге арналған әліппені жасауға қатысты. Жас ғалымның алғашқы көлемді еңбектері 1931 жылы Ташкентте басылып шықты.

Талантты ғалым сол 1930 жылдарда еліміздің мәдени дәрежесін көтеру ісіне өзінің еңбектерімен жан аямай атсалысты. Ғалымның ол кездердегі ғылыми мұралары тек оның өзінің ғана алғашқы көлемді еңбектері емес, жалпы қазақ тіл біліміндегі алғашқы жасалып жатқан еңбектер, оқулықтар еді. Сәрсен Аманжоловтың сол жылдардағы еңбектерінің аса бір құндылығы – халқымыздың мәдени дәрежесін, сауаттылығын көтеруге зор көмек көрсетті. Мектеп оқулықтарының тапшылығын сезінген С.Аманжолов 1932 жылы 4-ші сыныпқа арналған «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығын бастыртып шығарды. Осы жылдары қосымша 1, 2, 3 сынып оқушыларына арналған оқулықтары жарық көріп, мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне табылмас құрал болды. Мектептердің сатылық жүйесі бойынша ғалым еңбектерін жоғарғы сынып оқушыларына арнап шығара бастады. 1934-1940 жылдары орталау, орта мектептерге арналған қазақ тілінің грамматикаларын жазып шығарды. Бұл оқулықтар өзінің пайдалану кезеңін сол кезде шарықтау шегіне жеткізіп, қазіргі уақытқа дейін қолданылып келе жатқан құнды еңбектердің қатарында. Қазақ тілінен сабақ беру әдістемесін жете меңгерген ғалым, сол кездердегі оқулықтарға арналған бағдарламалардың табылмайтын көмекші құрал екенін білді. С.Аманжолов осы кезде алғаш бағдарламалар жасаған қазақ тілі мамандарының көш басшысы болды. С.Аманжоловтың 1932 жылы Алматыдағы оқу баспасынан басылып шыққан бағдарламаларында мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар өте көп болды. Ал орта және орталау мектептерге арналған бағдарламалары 1933 жылы жарық көріп, 1938 жылы толықтырулар мен жаңа нұсқаулар енгізіліп, қайта басылып шықты. Білімнің келесі сатысы жоғарғы оқу орындарында да осындай оқу құралдарына деген зәрулік басым болды. Осы қажеттілікті сезінген ғалым 1938 жылы жоғарғы оқу орындарына арналған оқу бағдарламаларын жарыққа шығарды. Қазақ халқының ұлттық білімінің жоғары деңгейде болуына ат салысқан ол 1939, 1957 жылдары жоғарғы оқу орындарына арнап қазақ тілі мен диалектологиясының бағдарламасын жасады [1, 31 б.].

С.Аманжолов ғылым саласында қазақ филологиясына еңбек сіңірген ғалым. 20 жыл бойы жоғарғы оқу орнында дәріс оқыған тіл маманы. Өз еңбек жолында теорияны тәжірибемен ұштастыра отырып, ғылыми еңбектер жазумен айналысып, өз әріптестеріне оқушылар мен студенттерге тиянақты білім беру жолында жарық көрген еңбектерімен көмек көрсетті. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатында ғалымның еңбек еткен Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институттағы еңбектерінің көріністері туралы құжаттар сақталған. Бұл құжаттардың арасында ғалымның «Қазақ тілінің арнаулы курсына» арналған дәрістері қолжазба күйінде сақталған. Мұнда ғалым, «Диуани-лұғат-ат-түрік» еңбегін зерттеп, түрік тілдерінің 24 түріне тоқталады. Оның ішінен арғын, қыпшақ тілдерін зерттеп көрсетіп, Жетісудың шыбыл, шығыл деген елдерінің тілдеріне тоқталады. «Кодекс Команикус» еңбектеріне талдау жасап, студенттерде қажетті көп мәліметтер келтіреді. Қазақ тілін зерттеген Махмұд Қашқари өмірі мен зерттеулері туралы деректер келтіріп, тіл тарихының бастау бұлағын XI ғасырдан бастап қарастырады. Ғалымның дәрістерінде түрік тілін зерттеу барысы да ерекше орын алған. Бұдан шығатын қорытынды, С.Аманжолов студенттердің шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отырып, тіл мәселесінің тарихын тереңнен түсіндіргенін көреміз. 1938-1938 жылдары ғалым, орта мектептерге арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жазған [2, 31 б.].

Ғылым жолына бет бұрған ғалым осы кезде педагогикалық институтта дәріс берумен қатар республикада құрылған ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институтында 1934-1936 жылдары алғашқы директор болып, сонымен қатар, кейбір жылдары ғылыми хатшы қызметін атқарып, Қазақстан ғылымының дамуына үлес қосты.

Кең мағынадағы филолог болған С.Аманжолов халық ауыз әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын жинауға басшылық етті. Оларды бастырып шығарып отырды. Қазақ филологиясында, оның ішінде әсіресе тіл ғылыми майданында құлашын кең жайып, қажымай еңбек еткен профессор С.Аманжоловтың халықтың мәдени игілігіне арналған жүзден аса ғылыми еңбегі басылып шықты.

Профессор С.Аманжолов зерттемеген қазақ тіл білімінің саласы жоқ десек артық болмайды. Қазақ тілінің асыл қазынасын халық аузынан жинау Сәрсен Аманжоловтың басшылығымен басталды. Ғалым үшін 1937 жылдары қазақ тілін зерттейтін экспедициялар ұйымдастыру ісінде қиындықтар кездесті. Ол жылдары тіл ерекшеліктерін зерттейтін маман адамдар да аз еді, экспедициялар ұйымдастыру ісіне қаражат та жетіспейтін.

Сол жылдардан бастап 1958 жылға дейінгі экспедицияларға Сәрсен Аманжолов басшылық жасап та, араласып та отырды. Ондай экспедиция мүшелеріне ғалым тек қазақ тілінің ерекшеліктеріне байланысты материалдарды да жинауға тапсырма беріп отырды. Өз заманындағы

ұлы тұлғалармен араласып, ақыл-кеңес алып отырған С.Аманжоловтың бірнеше хаттары сақталған. Соның бірі Мәлік Ғадуллиннің 1944 жылдың 31 тамызында жазған хаты ШҚОМ-ның қорында сақталған. Бұл хат «Інілік сәлеммен Мәлік» 2.09. 1944 жыл деп аяқталған. Осы хаттың мазмұны олардың әріптестен гөрі туыстай араласқандықтарын көрсетеді.

Сәрсеннің қазақ тілі ғылымында үнемі атсалысқан мәселелерінің бірі – терминология мәселесі. 1934 жылы терминология жөнінде жазған мақаласын басып, өмірінің соңғы минутына дейін қазақ тілінің терминология мәселесіне үнемі араласып отырды. С.Аманжолов Тіл мен әдебиет институтының жанындағы терминология бөлімінің меңгерушісі еді. Оның редакциясынан өткен терминологиялық алты сөздік (физика, математика, астрономия, металлургия, тау-кен ісі, география) басылымға берілді [3, 166.].

1937 жылдан бастап 3-4 кісімен құрылған ұжыммен қазақ тілінің академиялық сөздігін жазуға кіріседі. Осы кезде Кеңес үкіметінде орысша сөздік жазуға 40-50 адам тартылса, Қазақстандағы сөздіктердің жасалуына мамандардың жетіспеушілігі болса, екінші жағынан ұлт сөздігінің жазылуына дұрыс қаражат бөлінбей қайта оның жазылу аясын тарылту әрекеттері көрініс тапты. Оған мысал, 1950 жылы баспасөз беттерінде 2 томдық сөздіктің шығып, бірақ қолдануға жарамайтыны туралы жазылған. Ғылым Академиясы академиялық сөздіктің қалған томдарын шығаруды тоқтатып, қысқаша үш томдық сөздік шығару туралы шешім шығарды. Нәтижесінде шығарылмаған сөздікке С.Аманжолов кінәлі деп қараланды. Ал ғалымның еңбек етуіне ешқандай жағдай жасалмады. Осы кездегі 5 жылдық қызметінің 2 жылын докторлық диссертация жазуға арнады. Өз алдына қойған мақсатқа жету үшін қаншама қиындықтарға кездесе де ғалым 1951 жылы «А» және «Б» әріптеріне арналған сөздіктің жобасын жасады. Бірақ 1950-1951 жылдары С.Аманжоловты Ғылым Академиясынан аластату үшін бұл сөздікті баспаға бермеді. Ғылым Академиясының сол кездегі басшылары ғалымға сөздікте қазақтың халық ауыз әдебиеті «Қыз-Жібек», Қозы-көрпеш», Ер-Тарғын» еңбектері көп орын алғаны үшін кінә тақты. Өзіміздің көзіміз жеткендей сол кездегі энциклопедиялармен сөздіктерде тек қана орыс ұлтының ұлылары қарастырылған. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жазылған Қазақ энциклопедиясы ғасырлар қойнауына сіңіп, жоқ болған ұлы есімдерді халқымен қауыштырды [4, 28 б.].

Кеңес өкіметі кезінде, қазақ филологтарын ғылымнан шеттетіп, кейбір кезде еңбектерін ашық түрде өз аттарына пайдалану жағдайлары да кездесіп отырды. Ғылымнан аластатылған С.Аманжолов өзінің докторлық диссертациясымен де бұл ортаға жолай алмады. Оның қазақ тілінде диалектика бар екенін дәлелдеген пікірін ғылыми орталықтың басшылары жоққа шығарды. Тек академик В.В.Виноградов ғалымды жақтап, ғылыми ісін жалғастыруға жол ашты.

С.Аманжоловтың соғыстан кейінгі жылдардағы жас ғалымдарды даярлаудағы істері біршама жетістіктерге жетті. Олар қазақ тілі саласы бойынша диссертациялар қорғаған өскелең ғалымдар еді. Ғалымынң жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғағандар: Т.Ерғалиев, Ш.Жанәбилев, Г.Калиев, А.Абдрахманов, Д.Алимжанов, Ф.Мусабекова, Ж.Болатов, Н.Оралбаева, А.Абиьлкаев, Г.Ластаева-Мадина, З.Е.Ключникова тағы басқалар болды. С.Аманжолов өзі даярлаған болашақ мамандардан ғылыммен терең айналысуларын талап етті. Өзі ұстаз болумен қатар, ғылыми шығармашылықпен үзіліссіз айналысып отырды.

Қазіргі ұлт тарихының жаңа талаптарына сай ғалымның еңбектері қайта оралып, өскелең ұрпақтың білім жолындағы жоғары идеялық, патриоттық, азаматтық ерлік, еңбекқорлық пен алдына қойған мақсатына жете білу сияқты қасиеттерді сіңіруіне көмектесуде. Кеңес идеологиясы тұсында жасқанбай, ұлт тілінің таза сақталуына, қазақ тарихының өз деңгейінде зерттелуіне үлес қосқан ғалым, жеке қара басының қамын ойламады. Қазақ тіліне деген аударманың қажеті жоқ деген сыңаржақ пікірлермен келіспей, тікелей аударма мәселесімен айналысты. С.Аманжолов, аударма туралы мәселені терминология мәселесімен тығыз байланысты деп қарады. Ғалым қазақ тілі мен түркологиядан басқа жалпы тіл ғылымының күрделі мәселелерімен де шұғыланды. Ол педагогикалық институтта дәріс оқып қана қойған жоқ, сонымен қатар «Халық мұғалімі» журналының бетінде теориялық және әдістемелік мәселелерге байланысты үнемі мақала жариялап отырды.

С.Аманжоловтың бұл ұйымдастырушылық қабілеті замана қысымына қарамастан жүзеге асырылып жатты. С.Аманжолов осы еңбек саласында жиі байқалып отырды. Ғылыми айтыстарда, баспасөз беттерінде осы мінезін жақтырмағандар оған жиі айыптар тағып отырды. Бірақ ғалым олардан қорықпай, өз пікірінің дұрыстығын ғылыми факторлармен дәлелдеп қарсы шыға білді. Елі үшін еңбек еткен ғалым қазақ тілі кафедрасының мәселесі шешіліп жатқанда қатты науқас болса да үйіне кете алмады. Ұлы Алтай Сәрсенұлы айтқандай ғалымды қоғам өлтірді [5, 2 б.].

Осы уақытқа дейін аты кең таралмаған ұлы ғалым С.Аманжоловтың қазақ халқының білімі мен ғылымына қосқан үлесі өте зор.

Қазақ тілі білімінде С.Аманжолотың еңбектерінің ұлт тарихымен байланыстылығы жоқ десек ғалымның ерен еңбегін бағаламау болар еді. Ғалымның зерттеуші және ұйымдастырушы басшы ретінде атқарған қызметі ұлт тілінің дамуына, бүгінгі дәрежесіне жетуіне және халық тарихының мол мұрасынан көрініс тартатын тарихи еңбектердің топтасуына өзіндік үлес қосты. Ғалымның өмір сүрген кезі қазақ тілінің, ұлт тарихының және түріктану ғылымына аса көңіл бөлінбеген уақыты болатын. Соған қарамастан, дара тұлғалы ғалым жеке зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларында қазақ халқының тарихы мен қазақтың халықтық тілінің тарихы, қазақтың әдеби тілінің тарихы туралы өз тұжырымдарын ашық жеткізіп отырған.

С.Аманжолов, негізінен қазақ қоғамының дамып, ұлт тілінің сақталуына, қазақ тарихының ғасырлар қойнауынан табылып жазылуына үлес қосты. Өзінің ғылыми-педагогикалық қызметімен ұстаздардың ұстазы болды. Әсіресе, педагогтарға арналған әдістемелік оқу құралдары қазіргі кезде де қолданыс аясынан табылады. Ал, студенттерге арналып жазылған дәрістері ғалымның жеке шығармашылығының көріністері болып табылады. Ғалым шешімін таппаған мәселерді сол саладағы ғылыми еңбектер аясында ғана қарастырмай, осы сала бойынша өз зерттеулері мен ұсыныстарын ұрпаққа білім беруде шебер қолдана білген ұстаз еді. Сондықтан, С.Аманжоловтың ғылыми-педагогикалық қызмет белестері әлі де болса кең көлемде зерттеуді қажет етеді. Өйткені ғалымның ұстаздық жолы-қазіргі ұстаздарға табылмайтын озық іс-тәжірибе болып табылады. Шәкіртсіз ұстаз-тұл. Ал, ғалым С.Аманжоловтың ғылым мен білім жолындағы жетістікке жеткен, өзінен асып түскен шәкірттері қаншама. Олар қазіргі кезде тәуелсіз еліміздің дамуына ат салысып жүрген аға буын ғалымдарымыз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Момынова Б. Профессор С. Аманжоловтың әдеби тіл мен ғылыми терминдер туралы көзқарасы / Б. Момынова // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология. Сер=Вестн. КАЗНУ. Сер. Филолог. – 2003. – N4.(66) – 31-34 бет.

2 Аманжолов С. Қазақша – орысша лингвистикалық терминологиялық сөздігі / С. Аманжолов. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.

3 Аманжолов С.А. О научной терминологии и переводной литературе в казахском языке / С.А.Аманжолов, А.Абдрахманов//Қазақ тіл білімі мәселелері: Вopr.Каз.Языкознания.- Алматы,1959.-Т1.-С.16-23.

4 Аманжолов С. Научная и организационная деятельность (Из отчетов пятидесятих годов): 1954-1957 года / С.Аманжолов // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология. Сер; Вестн. КАЗНУ.

5 Есен Жеңісұлы. Қоғам өлтірген./Алтай Аманжоловпен әңгіме/ Дидар,2004.

References:

1 Momynova B. The view of Professor S. Amanzholov on literary language and scientific terms / B. Momynova // Bulletin of the Al-Farabi Kazakh National University. Phylogeny. Ser=Westn. "No," I said. Ser. Philologist. – 2003. – N4.(66) - pp. 31-34.

2 Amanzholov S. Kazakh-Russian linguistic terminological dictionary / S. Amanzholov. - Almaty: Kazakh University, 1999.

3 Amanzholov S. A. on scientific terminology and translation literature in the Kazakh language / S. A. Amanzholov, A. Abdrakhmanov // problems of Kazakh linguistics: Vopr.Kaz.Language.- Almaty,1959. - T1.- P.16-23.

4 Amanzholov S. scientific and organizational activity(from reports of the fiftieth year): 1954-1957 / S. Amanzholov // Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philology. Ser; Westn. "No," I said.

5 Yesen Zhenisovich. Society killer./ Conversation with Altai Amanzholov / Didar,2004.

